


«МЕНИҢ ТӨЛЕМДЕРГЕ/АУДАРЫМДАР ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕРІМ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН АЛУШЫЛАРҒА ЖАДЫНАМА

Алматы, 2023 жыл



«Менің төлемдерге/аударымдар туралы өтініштерім» электрондық қызметін (бұдан әрі – Қызмет) мынадай жағдайларда:



БЖЗҚ-да төлемдердің кез келген түрі бойынша төлеуге және (немесе) сақтандыру ұйымына, инвестициялық портфельді басқарушыға (бұдан әрі - ИПБ) сенімгерлік басқаруға аударуға, сондай-ақ банктік деректемелерді өзгертуге берілген және (немесе) орындалған өтініштер болғанда



өтініш берушіде қолданыстағы электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болғанда

мыналарды:



төлеуге/аударуға/ банктік деректемелерді өзгертуге берілген өтініштердің мәртебесін қадағалау мақсатында **пайдалануға болады.**



ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға аударуға бұрын берілген өтініш күшінің жойылуын қадағалау мақсатында **пайдалануға болады.**



Қызмет өтініш берушіге тәулік бойы қолжетімді (Техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗҚ интернет-ресурсының және (немесе) ЖТ МДБ сервисінің (бұдан әрі – ЖТ МДБ) жұмысындағы үзілістерді қоспағанда)


Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті пайдаланушыға екі тәсілмен авторлануға мүмкіндік береді:



ЭЦҚ арқылы



логин (ЖСН) және пароль арқылы



ЖЕКЕ КАБИНЕТКЕ КІРУ KZ

ЖСН *

Құпиясөз *

ЖСН-ды еске сақтау

Жеке кабинетке кіру

[Тіркелу/Құпиясөзді ұмыттыңыз ба?](#)

ЭЦҚ арқылы кіру


ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ І-ШІ ТӘСІЛІ

ЭЦҚ кілтінің көмегі арқылы авторлану



Қызметке қол жеткізу өтініш берушінің міндетті түрде авторлануын қажет етеді. ЭЦҚ пайдалануды қажет ететін интернет-ресурс бөлімінде жұмыс істеу үшін сіздің дербес компьютеріңізде орнатылған (іске қосылған) NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуінің (бұдан әрі - БҚ) болуы міндетті.

Орнатылған БҚ болмаған жағдайда орнату файлын NCALayer БҚ арқылы жүктеп алуға болады. NCALayer БҚ орнату бойынша пайдаланушының нұсқамасы ҚР Ұлттық куәландыру орталығының сайтында мына сілтеме <https://pki.gov.kz/ncalayer/> бойынша қолжетімді.

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде болса (файл сертификаты деп аталатын), онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалог терезесін басып, осы файлға жолды көрсету керек. Интернет-ресурста авторлану үшін аудентификациялауға арналған ЭЦҚ кілтін пайдалану қажет екенін ескергеніңіз жөн (файл атауы **AUTH_RSA**-дан басталады). Файлды таңдап, диалог терезені жапқаннан кейін «Кіру» батырмасын басу қажет. java-апплет файлға рұқсат алу үшін пайда болған диалог терезеде кілт сақталған жерден парольді енгізіп, «Ашу» батырмасын басып, содан соң «Қол қою» батырмасын басу арқылы өзіңіздің іс-әрекетіңізді растауыңыз қажет.




Сертификатты таңдау



ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬ АРҚЫЛЫ АВТОРЛАНУ




Пайдаланушылар сайтта өз бетінше тіркеліп, сайтта әрі қарай авторлану үшін өзіне пароль қояды. Тіркелу үшін тиісті бөлімше нысанында өзінің деректемелерін көрсету керек:



* Қазақстандық провайдердің ұялы телефон нөмірі болуы тиіс



БЖЗҚ сайтындағы Жеке кабинетте авторланған соң «Қызметтер» бөлімінде «Менің төлемге/аударымдар туралы өтініштерім» қосымша бетіне өту



ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕСІ «БЖЗҚ-ДАҒЫ ӨТІНІШТЕР МӘРТЕБЕСІ (ЖАҒДАЙЫ)» БАҒАНЫНДА ТОЛТЫРЫЛҒАН НЫСАНДА КӨРІНЕДІ



Бірнеше жүзеге асырылған төлемдер болған жағдайда төлемге өтініш(тер) туралы ақпарат әрбір операция бойынша кему ретімен хронология бойынша сұрыпталып шығарылады:

Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім

* күшін жою «Өңдеуге қабылданды» мәртебесі бар зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға аударуға арналған өтініштер үшін ғана қолжетімді

№	Қолданба түрі	Шарт түрі	Өтініш берілген күн	Өтінім №	БЖЗҚ-да өтініштің күйі
1	Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдеріне өтініш	МЗЖ	18.02.2021	188041	Орындалды
2	Төлемге өтініш	МЗЖ	23.11.2021	898300	Орындалды



Өтінішке басқан кезде толық ақпарат ашылады:

Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім

* күшін жою «Өңдеуге қабылданды» мәртебесі бар зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға аударуға арналған өтініштер үшін ғана қолжетімді

Өтініштер

№	Қолданба түрі	Шарт түрі	Өтініш берілген күн	Өтінім №	БЖЗҚ-да өтініштің күйі
1	Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдеріне өтініш	МЗЖ	18.02.2021	188041	Орындалды
<ul style="list-style-type: none"> i БЗТ-ны алудың мақсаты Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық қарыз бойынша берешекті ішінара өтеу i Беру фактісі Иә i Өтінімнің БЖЗҚ-ға келіп түскен күні 18.02.2021 12:26:02 (АО "Отбасы банк", теңге) i Төлемнің / аударымның аяқталу мерзімі 25.02.2021 ✓ Орындалды 19.02.2021 					
2	Төлемге өтініш	МЗЖ	23.11.2021	898300	Орындалды



Рақмет!

